

Берілген көлік құралының типін мақұлдаулардың, шасси типін мақұлдаулардың, көлік құралы конструкциясының қауіпсіздігі туралы куәліктердің және Кеден одағының " Дөңгелекті көлік құралдарының қауіпсіздігі туралы" техникалық регламентінің (КО ТР 018/2011) талаптарына сәйкестікті куәландыратын құжаттың күшін жою туралы тіркелген хабарламалардың бірыңғай тізіліміне қатысты бөлікте "Еуразиялық экономикалық одақтың техникалық регламенттерінің (Кеден одағының техникалық регламенттерінің) талаптарына сәйкестікті бағалау туралы берілген немесе қабылданған құжаттардың бірыңғай тізілімін қалыптастыру және жүргізу" жалпы процесін сыртқы және өзара сауданың интеграцияланған ақпараттық жүйесінің құралдарымен іске асыру кезіндегі ақпараттық өзара іс-қимылды регламенттейтін технологиялық құжаттар туралы

Еуразиялық экономикалық комиссия Алқасының 2016 жылғы 26 шілдедегі № 88 шешімі

Еуразиялық экономикалық одақ шеңберіндегі ақпараттық-коммуникациялық технологиялар және ақпараттық өзара іс-қимыл туралы хаттаманың 30-тармағына сәйкес (2014 жылғы 29 мамырдағы Еуразиялық экономикалық одақ туралы шартқа № 3 қосымша) және Еуразиялық экономикалық комиссия Алқасының 2014 жылғы 6 қарашадағы № 200 шешімін басшылыққа ала отырып, берілген көлік құралының типін мақұлдаулардың, шасси типін мақұлдаулардың, көлік құралы конструкциясының қауіпсіздігі туралы куәліктердің және Кеден одағының "Дөңгелекті көлік құралдарының қауіпсіздігі туралы" техникалық регламентінің (КО ТР 018/2011) талаптарына сәйкестікті куәландыратын құжаттың күшін жою туралы тіркелген хабарламалардың бірыңғай тізілімін қалыптастыру және жүргізу механизмдерін жетілдіру мақсатында Еуразиялық экономикалық комиссия Алқасы **шешті:**

1. Қоса беріліп отырған:

Берілген көлік құралының типін мақұлдаулардың, шасси типін мақұлдаулардың, көлік құралы конструкциясының қауіпсіздігі туралы куәліктердің және Кеден одағының "Дөңгелекті көлік құралдарының қауіпсіздігі туралы" техникалық регламентінің (КО ТР 018/2011) талаптарына сәйкестікті куәландыратын құжаттың күшін жою туралы тіркелген хабарламалардың бірыңғай тізіліміне қатысты бөлікте "Еуразиялық экономикалық одақтың техникалық регламенттерінің (Кеден одағының техникалық регламенттерінің) талаптарына сәйкестікті бағалау туралы берілген немесе қабылданған құжаттардың бірыңғай тізілімін қалыптастыру және жүргізу" жалпы процесін сыртқы және өзара сауданың интеграцияланған ақпараттық жүйесінің құралдарымен іске асыру кезіндегі ақпараттық өзара іс-қимыл қағидалары;

Берілген көлік құралының типін мақұлдаулардың, шасси типін мақұлдаулардың, көлік құралы конструкциясының қауіпсіздігі туралы куәліктердің және Кеден одағының "Дөңгелекті көлік құралдарының қауіпсіздігі туралы" техникалық регламентінің (КО ТР 018/2011) талаптарына сәйкестікті куәландыратын құжаттың күшін жою туралы тіркелген хабарламалардың бірыңғай тізіліміне қатысты бөлікте "Еуразиялық экономикалық одақтың техникалық регламенттерінің (Кеден одағының техникалық регламенттерінің) талаптарына сәйкестікті бағалау туралы берілген немесе қабылданған құжаттардың бірыңғай тізілімін қалыптастыру және жүргізу" жалпы процесін сыртқы және өзара сауданың интеграцияланған ақпараттық жүйесінің құралдарымен іске асыру кезіндегі Еуразиялық экономикалық одаққа мүше мемлекеттердің уәкілетті органдары мен Еуразиялық экономикалық комиссия арасындағы ақпараттық өзара іс-қимыл регламенті;

Берілген көлік құралының типін мақұлдаулардың, шасси типін мақұлдаулардың, көлік құралы конструкциясының қауіпсіздігі туралы куәліктердің және Кеден одағының "Дөңгелекті көлік құралдарының қауіпсіздігі туралы" техникалық регламентінің (КО ТР 018/2011) талаптарына сәйкестікті куәландыратын құжаттың күшін жою туралы тіркелген хабарламалардың бірыңғай тізіліміне қатысты бөлікте "Еуразиялық экономикалық одақтың техникалық регламенттерінің (Кеден одағының техникалық регламенттерінің) талаптарына сәйкестікті бағалау туралы берілген немесе қабылданған құжаттардың бірыңғай тізілімін қалыптастыру және жүргізу" жалпы процесін сыртқы және өзара сауданың интеграцияланған ақпараттық жүйесінің құралдарымен іске асыру кезіндегі Еуразиялық экономикалық одаққа мүше мемлекеттердің уәкілетті органдарының арасындағы ақпараттық өзара іс-қимыл регламенті;

Берілген көлік құралының типін мақұлдаулардың, шасси типін мақұлдаулардың, көлік құралы конструкциясының қауіпсіздігі туралы куәліктердің және Кеден одағының "Дөңгелекті көлік құралдарының қауіпсіздігі туралы" техникалық регламентінің (КО ТР 018/2011) талаптарына сәйкестікті куәландыратын құжаттың күшін жою туралы тіркелген хабарламалардың бірыңғай тізіліміне қатысты бөлікте "Еуразиялық экономикалық одақтың техникалық регламенттерінің (Кеден одағының техникалық регламенттерінің) талаптарына сәйкестікті бағалау туралы берілген немесе қабылданған құжаттардың бірыңғай тізілімін қалыптастыру және жүргізу" жалпы процесін сыртқы және өзара сауданың интеграцияланған ақпараттық жүйесінің құралдарымен іске асыру үшін пайдаланылатын электрондық құжаттардың және мәліметтердің форматтары мен құрылымдарының сипаттамасы;

Берілген көлік құралының типін мақұлдаулардың, шасси типін мақұлдаулардың, көлік құралы конструкциясының қауіпсіздігі туралы куәліктердің және Кеден одағының "Дөңгелекті көлік құралдарының қауіпсіздігі туралы" техникалық регламентінің (КО ТР 018/2011) талаптарына сәйкестікті куәландыратын құжаттың

күшін жою туралы тіркелген хабарламалардың бірыңғай тізіліміне қатысты бөлікте "Еуразиялық экономикалық одақтың техникалық регламенттерінің (Кеден одағының техникалық регламенттерінің) талаптарына сәйкестікті бағалау туралы берілген немесе қабылданған құжаттардың бірыңғай тізілімін қалыптастыру және жүргізу" жалпы процесіне қосылу тәртібі бекітілсін.

2. Осы Шешіммен бекітілген Сипаттамада көзделген электрондық құжаттар мен мәліметтер құрылымдарының техникалық схемаларын әзірлеуді және оларды сыртқы және өзара сауданың интеграцияланған ақпараттық жүйесінде ақпараттық өзара іс-қимыл жасауды іске асыру кезінде пайдаланылатын электрондық құжаттар мен мәліметтер құрылымдарының тізіліміне орналастыруды қамтамасыз етуді құзыретіне Еуразиялық экономикалық одақтың интеграцияланған ақпараттық жүйесін құру және дамыту жөніндегі жұмыстарды үйлестіру кіретін Еуразиялық экономикалық комиссияның департаменті жүзеге асырады деп белгіленсін.

3. Осы Шешім ресми жарияланған күнінен бастап күнтізбелік 180 күн өткен соң күшіне енеді.

*Еуразиялық экономикалық комиссия
Алқасы Төрағасының
міндетін уақытша атқарушы*

К. Минасян

Еуразиялық экономикалық
комиссия Алқасының
2016 жылғы 26 шілдедегі
№ 88 шешімімен
БЕКІТІЛГЕН

Берілген көлік құралының типін мақұлдаулардың, шасси типін мақұлдаулардың, көлік құралы конструкциясының қауіпсіздігі туралы куәліктердің және Кеден одағының " Дөңгелекті көлік құралдарының қауіпсіздігі туралы" техникалық регламентінің (КО ТР 018/2011) талаптарына сәйкестікті куәландыратын құжаттың күшін жою туралы тіркелген хабарламалардың бірыңғай тізіліміне қатысты бөлікте "Еуразиялық экономикалық одақтың техникалық регламенттерінің (Кеден одағының техникалық регламенттерінің) талаптарына сәйкестікті бағалау туралы берілген немесе қабылданған құжаттардың бірыңғай тізілімін қалыптастыру және жүргізу" жалпы процесін сыртқы және өзара сауданың интеграцияланған ақпараттық жүйесінің құралдарымен іске асыру кезіндегі ақпараттық өзара іс-қимыл ҚАҒИДАЛАРЫ

I. Жалпы ережелер

1. Осы Қағидалар Еуразиялық экономикалық одақтың (бұдан әрі – Одақ) құқығына кіретін мына актілерге сәйкес әзірленді:

2014 жылғы 29 мамырдағы Еуразиялық экономикалық одақ туралы шарт;

Еуразиялық экономикалық комиссия Алқасының "Жалпы процестерді сыртқы және өзара сауданың интеграцияланған ақпараттық жүйесінің құралдарымен іске асыру

кезіндегі ақпараттық өзара іс-қимылды регламенттейтін технологиялық құжаттар туралы" 2014 жылғы 6 қарашадағы № 200 шешімі;

Еуразиялық экономикалық комиссия Алқасының "Берілген көлік құралының типін мақұлдаулардың, шасси типін мақұлдаулардың, көлік құралы конструкциясының қауіпсіздігі туралы куәліктердің және Кеден одағының "Дөңгелекті көлік құралдарының қауіпсіздігі туралы" техникалық регламентінің (КО ТР 018/2011) талаптарына сәйкестікті куәландыратын құжаттың күшін жою туралы тіркелген хабарламалардың бірыңғай тізілімін қалыптастыру және жүргізу туралы ережені бекіту туралы" 2014 жылғы 2 желтоқсандағы № 225 шешімі;

Еуразиялық экономикалық комиссия Алқасының "Көлік құралының типін мақұлдаудың, шасси типін мақұлдаудың, техникалық регламентке сәйкестікті куәландыратын құжаттың күшін жою туралы хабарламаның, көлік құралы конструкциясының қауіпсіздігі туралы куәліктің және көлік құралының өз конструкциясына енгізілген өзгерістермен бірге қауіпсіздік талаптарына сәйкестігі туралы куәліктің бланкілерін толтыру қағидалары туралы" 2014 жылғы 9 желтоқсандағы № 232 шешімі;

Еуразиялық экономикалық комиссия Алқасының "Сыртқы және өзара сауданың интеграцияланған ақпараттық жүйесінде деректермен электрондық алмасу қағидаларын бекіту туралы" 2015 жылғы 27 қаңтардағы № 5 шешімі;

Еуразиялық экономикалық комиссия Алқасының "Еуразиялық экономикалық одақ шеңберіндегі жалпы процестер тізбесі және Еуразиялық экономикалық комиссия Алқасының 2014 жылғы 19 тамыздағы № 132 шешіміне өзгеріс енгізу туралы" 2015 жылғы 14 сәуірдегі № 29 шешімі;

Еуразиялық экономикалық комиссия Алқасының "Еуразиялық экономикалық одақ шеңберінде жалпы процестерді талдау, оңтайландыру, үндестіру және сипаттау әдістемесі туралы" 2015 жылғы 9 маусымдағы № 63 шешімі;

Еуразиялық экономикалық комиссия Алқасының "Еуразиялық экономикалық одаққа мүше мемлекеттердің мемлекеттік билік органдарының өзара және Еуразиялық экономикалық комиссиямен трансшекаралық өзара іс-қимыл жасауы кезінде электрондық құжаттармен алмасуы туралы ережені бекіту туралы" 2015 жылғы 28 қыркүйектегі № 125 шешімі.

II. Қолданылу саласы

2. Осы Қағидалар Берілген көлік құралының типін мақұлдаулардың, шасси типін мақұлдаулардың, көлік құралы конструкциясының қауіпсіздігі туралы куәліктердің және Кеден одағының "Дөңгелекті көлік құралдарының қауіпсіздігі туралы" техникалық регламентінің (КО ТР 018/2011) талаптарына сәйкестікті куәландыратын құжаттың күшін жою туралы тіркелген хабарламалардың бірыңғай тізіліміне қатысты бөлікте Еуразиялық экономикалық одақтың техникалық регламенттерінің (Кеден

одағының техникалық регламенттерінің) талаптарына сәйкестікті бағалау туралы берілген немесе қабылданған құжаттардың бірыңғай тізілімдерін қалыптастыру және жүргізу" жалпы процесі (бұдан әрі тиісінше – жалпы процесс, КО ТР 018/2011 құжаттарының бірыңғай тізілімі) шеңберінде орындалатын рәсімдердің сипаттамасын қоса алғанда, осы жалпы процеске қатысушылар арасындағы ақпараттық өзара іс-қимылдың тәртібі мен шарттарын айқындау мақсатында әзірленген.

3. Осы Қағидаларды жалпы процеске қатысушылар жалпы процесс шеңберінде рәсімдер мен операциялардың орындалу тәртібін бақылау кезінде, сондай-ақ жалпы процестің іске асырылуын қамтамасыз ететін ақпараттық жүйелердің компоненттерін жобалау, әзірлеу және пысықтау кезінде қолданады.

II. Негізгі ұғымдар

4. Осы Қағидалардың мақсаттары үшін мыналарды білдіретін ұғымдар пайдаланылады:

"авторландыру" – жалпы процеске белгілі бір қатысушыға белгілі бір әрекеттерді орындауға құқықтар беру;

"сәйкестікті бағалау туралы құжат" – техникалық реттеу объектісінің Еуразиялық экономикалық одақтың техникалық регламенттерінің (Кеден одағының техникалық регламенттерінің) талаптарына сәйкестігін растайтын құжат немесе бірыңғай нысан бойынша сәйкестік туралы декларациялар мен сәйкестік сертификаттары беріле отырып, сәйкестікті міндетті растауға жататын өнімнің бірыңғай тізбесіне енгізілген өнімге қатысты берілген (қабылданған) құжат;

"сәйкестікті бағалау туралы берілген немесе қабылданған құжаттардың бірыңғай тізілімдері" – қалыптастыру мен жүргізуді Одаққа мүше мемлекеттердің уәкілетті органдары қамтамасыз ететін ұлттық бөліктерден тұратын ақпараттық ресурстар.

Осы Қағидаларда пайдаланылатын "жалпы процестің рәсімдер тобы", "жалпы процестің ақпараттық объектісі", "орындаушы", "жалпы процесс операциясы", "жалпы процесс рәсімі" және "жалпы процеске қатысушы" деген ұғымдар Еуразиялық экономикалық комиссия Алқасының 2015 жылғы 9 маусымдағы № 63 шешімімен бекітілген Еуразиялық экономикалық одақ шеңберінде жалпы процестерді талдау, онтайландыру, үндестіру және сипаттау әдістемесінде айқындалған мәндерде қолданылады.

IV. Жалпы процесс туралы негізгі мәліметтер

5. Жалпы процестің толық атауы: "Еуразиялық экономикалық одақтың техникалық регламенттерінің (Кеден одағының техникалық регламенттерінің) талаптарына

сәйкестікті бағалау туралы берілген немесе қабылданған құжаттардың бірыңғай тізілімдерін қалыптастыру және жүргізу". Жалпы процесс КО ТР 018/2011 құжаттарының бірыңғай тізіліміне қатысты бөлікте іске асырылады.

6. Жалпы процестің кодтық белгілемесі: P.TS.07, нұсқа 1.0.0.

1. Жалпы процестің мақсаты мен міндеттері

7. Жалпы процестің мақсаты сәйкестікті бағалау туралы берілген немесе қабылданған құжаттардың бірыңғай тізілімінен мәліметтерді қалыптастыру және жалпы процеске қатысушыларға беру механизмдерін жетілдіру болып табылады.

8. Жалпы процестің мақсатына қол жеткізу үшін мына міндеттерді шешу қажет:

а) Еуразиялық экономикалық комиссияның (бұдан әрі – Комиссия) Одаққа мүше мемлекеттердің (бұдан әрі – мүше мемлекеттер) уәкілетті органдарынан сыртқы және өзара сауданың интеграцияланған ақпараттық жүйесінің құралдарымен (бұдан әрі – интеграцияланған жүйе) сәйкестікті бағалау туралы берілген немесе қабылданған құжаттардың бірыңғай тізілімдерінің ұлттық бөліктерінен мәліметтерді алуды және оларды Одақтың ақпараттық порталында жариялауды қамтамасыз ету;

б) мүдделі тұлғалардың Одақтың ақпараттық порталында сәйкестікті бағалау туралы берілген немесе қабылданған құжаттар туралы мәліметтерді алу мүмкіндігін қамтамасыз ету;

в) мүше мемлекеттердің уәкілетті органдарының интеграцияланған жүйе құралдарымен сәйкестікті бағалау туралы берілген немесе қабылданған құжаттардың бірыңғай тізілімдерінің ұлттық бөліктерінен сәйкестікті бағалау туралы берілген немесе қабылданған құжаттар туралы мәліметтерді алуын қамтамасыз ету;

г) жалпы процеске қатысушылардың бірыңғай сыныптауыштар мен анықтамалықтарды пайдалануын қамтамасыз ету.

2. Жалпы процеске қатысушылар

9. Жалпы процеске қатысушылардың тізбесі 1-кестеде келтірілген.

1-кесте

Жалпы процеске қатысушылардың тізбесі

Кодтық белгілеме	Атауы	Сипаттамасы
1	2	3
		Одақтың ақпараттық порталындағы КО ТР 018/2011 құжаттары бірыңғай тізілімінің ұлттық бөліктерінен алынатын мәліметтерге қолжетімділікті қамтамасыз ететін, КО ТР 018/

P.ACT.001	Комиссия	2011 құжаттары бірыңғай тізілімінің ұлттық бөліктерінен мәліметтер алатын және көрсетілген мәліметтерді Одақтың ақпараттық порталында жариялауды қамтамасыз ететін Одақтың органы
P.TS.07.ACT.001	мүдделі тұлға	Одақтың ақпараттық порталындағы КО ТР 018/2011 құжаттары бірыңғай тізілімінен мәліметтерді сұрататын және алатын заңды немесе жеке тұлға
P.TS.07.ACT.002	мүше мемлекеттің уәкілетті органы	КО ТР 018/2011 құжаттары бірыңғай тізілімінің ұлттық бөлігін қалыптастыруды және жүргізуді жүзеге асыратын және басқа мүше мемлекеттердің уәкілетті органдарының сұратуы бойынша Комиссияға КО ТР 018/2011 құжаттары бірыңғай тізілімінің ұлттық бөліктерінен мәліметтер, сондай-ақ КО ТР 018/2011 құжаттары бірыңғай тізілімінің ұлттық бөліктерінен сәйкестікті растау туралы құжат туралы мәліметтер ұсынатын мүше мемлекеттің уәкілетті органы
P.TS.07.ACT.003	мүше мемлекеттің сұрау салушы уәкілетті органы	басқа мүше мемлекеттің КО ТР 018/2011 құжаттары бірыңғай тізілімінің ұлттық бөліктерінен сәйкестікті растау туралы құжат туралы мәліметтерге сұрау салатын мүше мемлекеттің уәкілетті органы

3. Жалпы процестің құрылымы

10. Жалпы процесс рәсімдердің мынадай жиынтығын білдіреді:

- а) КО ТР 018/2011 құжаттары бірыңғай тізілімінің ұлттық бөлігіне енгізілген мәліметтерді ұсыну;
- б) КО ТР 018/2011 құжаттары бірыңғай тізілімінің ұлттық бөлігіндегі өзгертілген мәліметтерді ұсыну;
- в) КО ТР 018/2011 құжаттары бірыңғай тізілімінің ұлттық бөлігінен мәліметтер алу.

11. Жалпы процестің рәсімдерін орындау шеңберінде мүше мемлекеттердің уәкілетті органдары КО ТР 018/2011 құжаттары бірыңғай тізілімінің ұлттық бөліктерін қалыптастыру мен жүргізуді жүзеге асырады және КО ТР 018/2011 құжаттары бірыңғай тізілімінің ұлттық бөліктерінен алынған мәліметтерді Комиссияға, сондай-ақ сұрау салған мүше мемлекеттердің уәкілетті органдарына ұсынады. Комиссия алынған

ақпаратты өңдейді және Одақтың ақпараттық порталындағы мәліметтердің деректерін жариялауды қамтамасыз етеді.

"КО ТР 018/2011 құжаттары бірыңғай тізілімінің ұлттық бөлігіне енгізілген мәліметтерді ұсыну" (P.TS.07.PRC.001) және "КО ТР 018/2011 құжаттары бірыңғай тізілімінің ұлттық бөлігіндегі өзгертілген мәліметтерді ұсыну" (P.TS.07.PRC.002) рәсімдерін орындаған кезде мүше мемлекеттердің уәкілетті органдары Комиссияға КО ТР 018/2011 құжаттары бірыңғай тізілімінің ұлттық бөліктерінен алынған мәліметтерді ұсынады.

Көрсетілген мәліметтерді ұсыну Еуразиялық экономикалық комиссия Алқасының 2016 жылғы 26 шілдедегі № 88 шешімімен бекітілген Берілген көлік құралының типін мақұлдаулардың, шасси типін мақұлдаулардың, көлік құралы конструкциясының қауіпсіздігі туралы куәліктердің және Кеден одағының "Дөңгелекті көлік құралдарының қауіпсіздігі туралы" техникалық регламентінің (КО ТР 018/2011) талаптарына сәйкестікті куәландыратын құжаттың күшін жою туралы тіркелген хабарламалардың бірыңғай тізіліміне қатысты бөлікте "Еуразиялық экономикалық одақтың техникалық регламенттерінің (Кеден одағының техникалық регламенттерінің) талаптарына сәйкестікті бағалау туралы берілген немесе қабылданған құжаттардың бірыңғай тізілімін қалыптастыру және жүргізу" жалпы процесін сыртқы және өзара сауданың интеграцияланған ақпараттық жүйесінің құралдарымен іске асыру кезіндегі Еуразиялық экономикалық одаққа мүше мемлекеттердің уәкілетті органдары мен Еуразиялық экономикалық комиссия арасындағы ақпараттық өзара іс-қимыл регламентіне (бұдан әрі – Мүше мемлекеттердің уәкілетті органдары мен Комиссия арасындағы ақпараттық өзара іс-қимыл регламенті) сәйкес жүзеге асырылады.

"КО ТР 018/2011 құжаттары бірыңғай тізілімінің ұлттық бөлігінен мәліметтер алу" рәсімін (P.TS.07.PRC.003) орындаған кезде сұрау салатын мүше мемлекеттің уәкілетті органы басқа мүше мемлекеттің КО ТР 018/2011 құжаттарының бірыңғай тізілімінің ұлттық бөлігінен сәйкестікті бағалау туралы құжат туралы мәліметтер алады.


Көрсетілген мәліметтерге сұрау салу және оларды беру Еуразиялық экономикалық комиссия Алқасының 2016 жылғы 26 шілдедегі № 88 шешімімен бекітілген Берілген көлік құралының типін мақұлдаулардың, шасси типін мақұлдаулардың, көлік құралы конструкциясының қауіпсіздігі туралы куәліктердің және Кеден одағының "Дөңгелекті көлік құралдарының қауіпсіздігі туралы" техникалық регламентінің (КО ТР 018/2011) талаптарына сәйкестікті куәландыратын құжаттың күшін жою туралы тіркелген хабарламалардың бірыңғай тізіліміне қатысты бөлікте "Еуразиялық экономикалық одақтың техникалық регламенттерінің (Кеден одағының техникалық регламенттерінің) талаптарына сәйкестікті бағалау туралы берілген немесе қабылданған құжаттардың бірыңғай тізілімін қалыптастыру және жүргізу" жалпы процесін сыртқы және өзара сауданың интеграцияланған ақпараттық жүйесінің құралдарымен іске асыру кезіндегі Еуразиялық экономикалық одаққа мүше мемлекеттердің уәкілетті органдарының

арасындағы ақпараттық өзара іс-қимыл регламентіне (бұдан әрі – Мүше мемлекеттердің уәкілетті органдары арасындағы ақпараттық өзара іс-қимыл регламенті) сәйкес жүзеге асырылады.

Жалпы процестің рәсімдерін орындау шеңберінде ұсынылатын мәліметтердің форматы мен құрылымы Еуразиялық экономикалық комиссия Алқасының 2016 жылғы 26 шілдедегі № 88 шешімімен бекітілген Берілген көлік құралының типін мақұлдаулардың, шасси типін мақұлдаулардың, көлік құралы конструкциясының қауіпсіздігі туралы куәліктердің және Кеден одағының "Дөңгелекті көлік құралдарының қауіпсіздігі туралы" техникалық регламентінің (КО ТР 018/2011) талаптарына сәйкестікті куәландыратын құжаттың күшін жою туралы тіркелген хабарламалардың бірыңғай тізіліміне қатысты бөлікте "Еуразиялық экономикалық одақтың техникалық регламенттерінің (Кеден одағының техникалық регламенттерінің) талаптарына сәйкестікті бағалау туралы берілген немесе қабылданған құжаттардың бірыңғай тізілімін қалыптастыру және жүргізу" жалпы процесін сыртқы және өзара сауданың интеграцияланған ақпараттық жүйесінің құралдарымен іске асыру үшін пайдаланылатын электрондық құжаттардың және мәліметтердің форматтары мен құрылымдарының сипаттамасына (бұдан әрі – Электрондық құжаттардың және мәліметтердің форматтары мен құрылымдарының сипаттамасы) сәйкес келуге тиіс.

Мүше мемлекеттердің уәкілетті органдары мен Комиссия арасындағы, сондай-ақ мүше мемлекеттердің уәкілетті органдары арасындағы ақпараттық өзара іс-қимыл интеграцияланған жүйені пайдалану арқылы жүзеге асырылады. Мүдделі тұлғалар үшін КО ТР 018/2011 құжаттарының бірыңғай тізілімінен алынған мәліметтерге қолжетімділік Одақтың ақпараттық порталы арқылы жүзеге асырылады.

12. Жалпы процес құрылымының келтірілген сипаттамасы 1-суретте ұсынылған.



1-сурет. Жалпы процестің құрылымы

13. Операциялардың егжей-тегжейлі сипаттамасын қоса алғанда, жалпы процестің рәсімдерін орындау тәртібі осы Қағидалардың VIII бөлімінде келтірілген.

14. Осы бөлімде жалпы процестің рәсімдері арасындағы байланысты көрсететін жалпы схема мен оларды орындау тәртібі келтіріледі. Рәсімдердің жалпы схемасы UML (біріздендірілген модельдеу тілі – Unified Modeling Language) графикалық нотациясы пайдаланылып жасалған және мәтіндік сипаттамамен жабдықталған.

4. Жалпы процесс рәсімдері

15. Жалпы процесс рәсімдерінің тізбесі 2-кестеде келтірілген.

2-кесте

Жалпы процесс рәсімдерінің тізбесі

Кодтық белгілеме	Атауы	Сипаттамасы
1	2	3
P.TS.07.PRC.001	КО ТР 018/2011 құжаттарының бірыңғай тізілімінің ұлттық бөлігіне енгізілген мәліметтерді ұсыну	мүше мемлекеттің уәкілетті органы рәсімді орындау процесінде Одақтың ақпараттық порталында жариялау үшін КО ТР 018/2011 құжаттарының бірыңғай тізіліміне енгізілген сәйкестікті бағалау туралы жаңа құжаттар туралы мәліметтер ұсынылады.
P.TS.07.PRC.002	КО ТР 018/2011 құжаттарының бірыңғай тізілімінің ұлттық бөлігіндегі өзгертілген мәліметтерді ұсыну	мүше мемлекеттің уәкілетті органы рәсімді орындау процесінде Одақтың ақпараттық порталында жариялау үшін КО ТР 018/2011 құжаттарының бірыңғай тізілімінің ұлттық бөлігіне сәйкестікті бағалау туралы өзгертілген құжаттар туралы мәліметтер ұсынылады.
P.TS.07.PRC.003	КО ТР 018/2011 құжаттарының бірыңғай тізілімінің ұлттық бөлігінен мәліметтер алу	сұрау салушы мүше мемлекеттің уәкілетті органы басқа мүше мемлекеттің КО ТР 018/2011 құжаттарының бірыңғай тізілімінің ұлттық бөлігінен сәйкестікті бағалау туралы құжат туралы мәліметтер алу кезінде ұсынылады.

V. Жалпы процестің ақпараттық объектілері

16. Олар туралы немесе олардан алынған мәліметтер жалпы процеске қатысушылар арасындағы өзара іс-қимыл процесінде берілетін ақпараттық объектілердің тізбесі 3-кестеде келтірілген.

3-кесте

Ақпараттық объектілердің тізбесі

Кодтық белгілеме	Атауы	Сипаттамасы
1	2	3
P.TS.07.BEN.001	КО ТР 018/2011 құжаттарының бірыңғай тізілімі	КО ТР 018/2011 құжаттарының бірыңғай тізілімінің ұлттық бөліктерінде бар сәйкестікті бағалау туралы берілген немесе қабылданған құжаттар туралы мәліметтер

VI. Жалпы процеске қатысушылардың жауаптылығы

17. Мәліметтердің уақтылы және толық берілуін қамтамасыз етуге бағытталған талаптарды сақтамағаны үшін Еуразиялық экономикалық комиссияның ақпараттық өзара іс-қимылға қатысатын лауазымды адамдары мен қызметкерлерін тәртіптік жауапқа тарту 2014 жылғы 29 мамырдағы Еуразиялық экономикалық одақ туралы шартқа, Одақтың құқығын құрайтын өзге де халықаралық шарттар мен актілерге сәйкес жүзеге асырылады, ал мүше мемлекеттердің уәкілетті органдарының лауазымды адамдары мен қызметкерлерін тәртіптік жауапқа тарту мүше мемлекеттің заңнамасына сәйкес жүзеге асырылады.

VII. Жалпы процестің анықтамалықтары мен сыныптауыштары

18. Жалпы процестің анықтамалықтары мен сыныптауыштарының тізбесі 4-кестеде келтірілген.

4-кесте

Жалпы процестің анықтамалықтары мен сыныптауыштарының тізбесі

Кодтық белгілеме	Атауы	Типі	Сипаттамасы
1	2	3	4
P.CLS.008	байланыс түрлерінің сыныптауышы	сыныптауыш	байланыс түрлері кодтарының тізбесі мен атаулары бар ("Communication Channel Code" СЕФАКТ сыныптауышымен үйлестірілген)

P.CLS.009	өлшем бірліктерінің халықаралық сыныптауышы	сыныптауыш	БҰҰ Еуропалық экономикалық комиссияның № 20 ұсынымына сәйкес өлшем бірліктерінің кодтары мен атауларының тізбесі қамтылған
P.CLS.019	әлем елдерінің халықаралық сыныптауышы	сыныптауыш	ISO 3166-1 стандартына сәйкес әлем елдері кодтарының тізбесі мен атаулары қамтылған
P.CLS.024	тілдер сыныптауышы	сыныптауыш	ISO 639-1 стандартына сәйкес тілдердің кодтарының тізбесі мен атаулары қамтылған
P.CLS.048	мекенжайлар түрлерінің сыныптауышы	сыныптауыш	мекенжайлар түрлері кодтарының тізбесі мен атаулары қамтылған
P.CLS.053	құжаттар мен мәліметтерді өңдеу нәтижесі түрлерінің сыныптауышы	сыныптауыш	электрондық құжаттар мен мәліметтерді өңдеу нәтижесі түрлері кодтарының тізбесі мен атаулары қамтылған
P.CLS.054	ұйымдық-құқықтық нысандардың сыныптауышы	сыныптауыш	ұйымдық-құқықтық нысандар кодтарының тізбесі мен атаулары қамтылған
P.CLS.057	сәйкестікті бағалау туралы құжаттар түрлерінің сыныптауышы	сыныптауыш	сәйкестікті бағалау туралы құжаттар түрлері кодтарының тізбесі мен атаулары қамтылған
P.CLS.058	құжаттың қолданылу мәртебелерінің сыныптауышы	сыныптауыш	құжаттың қолданылу мәртебелері кодтарының тізбесі мен атаулары қамтылған
P.CLS.059	техникалық реттеу объектілері түрлерінің сыныптауышы	сыныптауыш	техникалық реттеу объектілері түрлері кодтарының тізбесі мен атаулары қамтылған
P.CLS.068	шаруашылық жүргізуші субъектілерді сәйкестендіру әдістерінің анықтамалығы	анықтамалық	шаруашылық жүргізуші субъектілерді сәйкестендіру әдістерінің сәйкестендіру тізбесі мен атаулары қамтылған
P. CLS.073	көлік құралдары маркаларының сыныптауышы	сыныптауыш	көлік құралдарының маркалары кодтарының тізбесі мен атаулары қамтылған
	Еуразиялық экономикалық одақтың		Одақтың техникалық регламенттеріне сәйкес


P.TS.07.CLS.002	техникалық регламенттеріне сәйкес көлік құралдары, көлік құралдарының шассиі, өздігінен жүретін машиналар және техниканың басқа да түрлері санаттарының сыныптаушы	сыныптаушы	көлік құралдары, көлік құралдарының шассиі, өздігінен жүретін машиналар және техниканың басқа да түрлерінің техникалық санаттары кодтарының тізбесі мен атаулары қамтылған
P.TS.07.CLS.003	көлік құралдары мен көлік құралдары шассиі экологиялық сыныптарының анықтамалығы	анықтамалық	көлік құралдары мен көлік құралдары шассиі экологиялық сыныптары кодтарының тізбесі мен атаулары қамтылған
P.TS.07.CLS.004	көлік құралдарының шассиін дайындау нұсқаларының анықтамалығы	анықтамалық	көлік құралдары шассиін дайындау нұсқалары кодтарының тізбесі мен атаулары қамтылған
P.TS.07.CLS.005	көлік құралдары, көлік құралдарының шассиі, өздігінен жүретін машиналар және техниканың басқа да түрлері тораптары түрлерінің анықтамалығы	анықтамалық	көлік құралдары, көлік құралдарының шассиі, өздігінен жүретін машиналар және техниканың басқа да түрлері тораптарының пайдаланылатын түрлері кодтарының тізбесі мен атаулары қамтылған
P.TS.07.CLS.006	көлік құралдары, көлік құралдарының шассиі, өздігінен жүретін машиналар және техниканың басқа да түрлері тораптары аспасы түрлерінің тізбесі	анықтамалық	көлік құралдары, көлік құралдары шассиі, өздігінен жүретін машиналар және техниканың басқа да түрлері тораптары аспасы кодтарының тізбесі мен атаулары қамтылған
P.TS.07.CLS.007	көлік құралы, көлік құралдарының шассиі, өздігінен жүретін машиналар және техниканың басқа да түрлері бойлық осіне қатысты рөлдік дөңгелек ережелерінің тізбесі	анықтамалық	көлік құралы, көлік құралдарының шассиі, өздігінен жүретін машиналар және техниканың басқа да түрлері бойлық осіне қатысты рөлдік дөңгелек ережелері кодтарының тізбесі мен атаулары қамтылған
P.TS.07.CLS.008	көлік құралдары, көлік құралдарының шассиі, өздігінен жүретін машиналар және	анықтамалық	көлік құралдары, көлік құралдары шассиінің, өздігінен жүретін машиналардың және техниканың басқа да түрлері электр машиналары кодтарының

	техниканың басқа да түрлері электр машиналарының тізбесі		тізбесі мен атаулары қамтылған
P.TS.07.CLS.009	көлік құралдары, көлік құралдарының шассиі, өздігінен жүретін машиналар және техниканың басқа да түрлері тежеуіш жүйелері түрлерінің тізбесі	анықтамалық	көлік құралдары, көлік құралдары шассиі, өздігінен жүретін машиналар және техниканың басқа да түрлері тежеуіш жүйелері түрлері кодтарының тізбесі мен атаулары қамтылған
P.TS.07.CLS.010	көлік құралдары, көлік құралдарының шассиі, өздігінен жүретін машиналар және техниканың басқа да түрлері массасы түрлерінің сыныптаушы	сыныптауыш	көлік құралдары, көлік құралдары шассиі, өздігінен жүретін машиналар және техниканың басқа да түрлері массасы түрлері кодтарының тізбесі мен атаулары қамтылған
P.TS.07.CLS.011	көлік құралдары, көлік құралдарының шассиі, өздігінен жүретін машиналар және техниканың басқа да түрлері отыны түрлерінің анықтамалығы	анықтамалық	көлік құралдары, көлік құралдары шассиі, өздігінен жүретін машиналар және техниканың басқа да түрлері отыны түрлері кодтарының тізбесі мен атаулары қамтылған
P.TS.07.CLS.012	көлік құралдарын, көлік құралдарының шассиін, өздігінен жүретін машиналарды және техниканың басқа да түрлерін дайындаушылар түрлерінің сыныптаушы	сыныптауыш	көлік құралдарын, көлік құралдары шассиін, өздігінен жүретін машиналарды және техниканың басқа да түрлерін дайындаушылар түрлері кодтарының тізбесі мен атаулары қамтылған

VIII. Жалпы процесс рәсімдері

"КО ТР 018/2011" құжаттары бірыңғай тізілімінің ұлттық бөлігіне енгізілген мәліметтерді ұсыну" (P.TS.07.PRC.001) рәсімі

19. "КО ТР 018/2011" құжаттары бірыңғай тізілімінің ұлттық бөлігіне енгізілген мәліметтерді ұсыну" (P.TS.07.PRC.001) рәсімін орындау схемасы 2-суретте берілген.



2-сурет. "КО ТР 018/2011" құжаттары бірыңғай тізілімінің ұлттық бөлігіне енгізілген мәліметтерді ұсыну" (P.TS.07.PRC.001) рәсімін орындау схемасы

20. "КО ТР 018/2011" құжаттары бірыңғай тізілімінің ұлттық бөлігіне енгізілген мәліметтерді ұсыну" (P.TS.07.PRC.001) рәсімін жаңа құжат туралы мәліметтерді КО ТР 018/2011 құжаттары бірыңғай тізілімінің ұлттық бөлігіне енгізілген кезде мүше мемлекеттің уәкілетті органы орындайды.

21. Алдымен "КО ТР 018/2011 құжаттары бірыңғай тізілімінің ұлттық бөлігіне енгізілген жаңа құжат туралы мәліметтерді ұсыну" (P.TS.07.OPR.001) операциясы орындалады, оны орындау нәтижелері бойынша мүше мемлекеттің уәкілетті органы Комиссияға КО ТР 018/2011 құжаттары бірыңғай тізілімінің ұлттық бөлігіне енгізілген жаңа құжат туралы мәліметтерді жібереді.

22. Комиссияға КО ТР 018/2011 құжаттары бірыңғай тізілімінің ұлттық бөлігіне енгізілген жаңа құжат туралы мәліметтер келіп түскен кезде "КО ТР 018/2011 құжаттары бірыңғай тізілімінің ұлттық бөлігіне енгізілген жаңа құжат туралы мәліметтерді қабылдау және өңдеу" (P.TS.07.OPR.002) операциясы орындалады, оны орындау нәтижелері бойынша Комиссия көрсетілген мәліметтерді алады, оларды

өндеуді орындайды және мүше мемлекеттің уәкілетті органына КО ТР 018/2011 құжаттары бірыңғай тізілімінің ұлттық бөлігіне енгізілген жаңа құжат туралы мәліметтерді өңдеу нәтижелері туралы хабарлама жібереді.

23. Мүше мемлекеттің уәкілетті органына мәліметтерді өңдеу нәтижелері туралы хабарлама келіп түскен кезде "КО ТР 018/2011 құжаттары бірыңғай тізілімінің ұлттық бөлігіне енгізілген жаңа құжат туралы мәліметтерді өңдеу нәтижелері жөнінде хабарлама алу" (P.TS.07.OPR.003) операциясы орындалады, оны орындау нәтижелері бойынша мәліметтерді жіберген мүше мемлекеттің уәкілетті органы мәліметтерді өңдеу нәтижелері туралы алынған хабарламаны өңдеуді жүзеге асырады.

24. "КО ТР 018/2011 құжаттары бірыңғай тізілімінің ұлттық бөлігіне енгізілген жаңа құжат туралы мәліметтерді қабылдау және өңдеу" (P.TS.07.OPR.002) операциясы орындалған жағдайда "КО ТР 018/2011 құжаттары бірыңғай тізілімінің ұлттық бөлігіне енгізілген жаңа құжат туралы мәліметтерді Одақтың ақпараттық порталында жариялау" (P.TS.07.OPR.004) операциясы орындалады, оны орындау нәтижелері бойынша Комиссия КО ТР 018/2011 құжаттары бірыңғай тізілімінің ұлттық бөлігіне енгізілген мәліметтерді Одақтың ақпараттық порталында жариялауды қамтамасыз етеді.

25. Жаңа құжат туралы мәліметтерді КО ТР 018/2011 құжаттарының бірыңғай тізіліміне енгізу "КО ТР 018/2011 құжаттары бірыңғай тізілімінің ұлттық бөлігіне енгізілген мәліметтерді ұсыну" (P.TS.07.PRC.001) рәсімін орындау нәтижелері болып табылады.

26. "КО ТР 018/2011 құжаттары бірыңғай тізілімінің ұлттық бөлігіне енгізілген мәліметтерді ұсыну" (P.TS.07.PRC.001) рәсімі шеңберінде орындалатын жалпы процесс операцияларының тізбесі 5-кестеде келтірілген.

5-кесте

"КО ТР 018/2011 құжаттары бірыңғай тізілімінің ұлттық бөлігіне енгізілген мәліметтерді ұсыну" (P.TS.07.PRC.001) рәсімі шеңберінде орындалатын жалпы процесс операцияларының тізбесі

Кодтық белгілеме	Атауы	Сипаттамасы
1	2	3
P.TS.07.OPR.001	КО ТР 018/2011 құжаттары бірыңғай тізілімінің ұлттық бөлігіне енгізілген жаңа құжат туралы мәліметтерді ұсыну	осы Қағидалардың 6-кестесінде келтірілген
P.TS.07.OPR.002	КО ТР 018/2011 құжаттары бірыңғай тізілімінің ұлттық бөлігіне енгізілген жаңа құжат туралы мәліметтерді қабылдау және өңдеу	осы Қағидалардың 7-кестесінде келтірілген

P.TS.07.OPR.003	КО ТР 018/2011 құжаттары бірыңғай тізілімінің ұлттық бөлігіне енгізілген жаңа құжат туралы мәліметтерді өңдеу нәтижелері туралы хабарламаны алу	осы Қағидалардың 8-кестесінде келтірілген
P.TS.07.OPR.004	КО ТР 018/2011 құжаттары бірыңғай тізілімінің ұлттық бөлігіне енгізілген жаңа құжат туралы мәліметтерді Одақтың ақпараттық порталында жариялау	Осы Қағидалардың 9-кестесінде келтірілген

6-кесте

"КО ТР 018/2011 құжаттары бірыңғай тізілімінің ұлттық бөлігіне енгізілген мәліметтерді ұсыну" (P.TS.07.OPR.001) операциясының сипаттамасы

P/c №	Элементтің белгілемесі	Сипаттамасы
1	2	3
1	Кодтық белгілеме	P.TS.07.OPR.001
2	Операцияның атауы	КО ТР 018/2011 құжаттары бірыңғай тізілімінің ұлттық бөлігіне енгізілген мәліметтерді ұсыну
3	Орындаушы	мүше мемлекеттің уәкілетті органы
4	Орындау шарттары	КО ТР 018/2011 құжаттары бірыңғай тізілімінің ұлттық бөлігіне енгізілген мәліметтерді енгізу кезінде орындалады
5	Шектеулер	ұсынылған мәліметтердің форматы мен құрылымы Электрондық құжаттардың және мәліметтердің форматтары мен құрылымдарының сипаттамасына сәйкес келуге тиіс
6	Операцияның сипаттамасы	орындаушы КО ТР 018/2011 құжаттары бірыңғай тізілімінің ұлттық бөлігіне енгізілген жаңа құжат туралы мәліметтерді мүше мемлекеттердің уәкілетті органдары мен Комиссия арасындағы ақпараттық өзара іс-қимыл регламентіне сәйкес Комиссияға жібереді
7	Нәтижелері	КО ТР 018/2011 құжаттары бірыңғай тізілімінің ұлттық бөлігіне енгізілген жаңа құжат туралы мәліметтер Комиссияға ұсынылды

"КО ТР 018/2011 құжаттары бірыңғай тізілімінің ұлттық бөлігіне енгізілген жаңа құжат туралы мәліметтерді қабылдау және өңдеу" (P.TS.07.OPR.002) операциясының сипаттамасы

P/c №	Элементтің белгілемесі	Сипаттамасы
1	2	3
1	Кодтық белгілеме	P.TS.07.OPR.002
2	Операцияның атауы	КО ТР 018/2011 құжаттары бірыңғай тізілімінің ұлттық бөлігіне енгізілген жаңа құжат туралы мәліметтерді қабылдау және өңдеу
3	Орындаушы	Комиссия
4	Орындау шарттары	КО ТР 018/2011 құжаттары бірыңғай тізілімінің ұлттық бөлігіне қосылған құжат туралы мәліметтер келіп түскен кезде орындалады ("КО ТР 018/2011 құжаттары бірыңғай тізілімінің ұлттық бөлігіне енгізілген жаңа құжат туралы мәліметтерді ұсыну" (P.TS.07.OPR.001) операциясы)
5	Шектеулер	ұсынылған мәліметтердің форматы мен құрылымы Электрондық құжаттардың және мәліметтердің форматтары мен құрылымдарының сипаттамасына сәйкес келуге тиіс. Авторландыру талап етіледі, мәліметтерді мүше мемлекеттердің уәкілетті органдары ғана ұсынады. Электрондық құжаттың (мәліметтердің) деректемелері Мүше мемлекеттердің уәкілетті органдары мен Комиссия арасындағы ақпараттық өзара іс-қимыл регламентінің IX бөлімінде көзделген талаптарға сәйкес келуге тиіс
		орындаушы мәліметтерді қабылдайды және оларды Мүше мемлекеттердің уәкілетті органдары мен Комиссия арасындағы ақпараттық өзара іс-қимыл регламентіне сәйкес тексереді. КО ТР 018/2011 құжаттары бірыңғай тізілімінің ұлттық бөлігіне қосылған

6	Операцияның сипаттамасы	<p>мәліметтерді тексеру табысты орындалған кезде, орындаушы: Одақтың ақпараттық порталында жариялау үшін оларды мәліметтерге енгізуді жүзеге асырады, енгізілген мәліметтерді жаңарту күні мен уақытын толтырады; құжатты берген (тіркеген) елдің кодымен және мүше мемлекеттің сертификаттау жөніндегі органының мемлекеттік тіркеу кодымен Одақтың (соның ішінде сынақ зертханаларын сертификаттау жөніндегі органдарының) сәйкестікті бағалау жөніндегі органдарының бірыңғай тізіліміндегі мәліметтерге сілтемені қалыптастырады; мүше мемлекеттің уәкілетті органын мәліметтерді Мүше мемлекеттердің уәкілетті органдары мен Комиссия арасындағы ақпараттық өзара іс-қимыл регламентіне сәйкес толтыруға сәйкес келетін мәліметтерді өңдеу нәтижесінің кодын көрсетіп, мәліметтерді өңдеу нәтижелері туралы хабардар етеді</p>
7	Нәтижелері	<p>КО ТР 018/2011 құжаттары бірыңғай тізілімінің ұлттық бөлігіне енгізілген жаңа құжат туралы мәліметтер өңделді, мүше мемлекеттің уәкілетті органына КО ТР 018/2011 құжаттары бірыңғай тізілімінің ұлттық бөлігіне енгізілген жаңа құжат туралы мәліметтерді өңдеу нәтижелері туралы хабарлама жіберілді</p>

8-кесте

"КО ТР 018/2011 құжаттары бірыңғай тізілімінің ұлттық бөлігіне енгізілген жаңа құжат туралы мәліметтерді өңдеу нәтижелері туралы хабарламаны алу" (P.TS.07.OPR.003) операциясының сипаттамасы

P/c №	Элементтің белгілемесі	Сипаттамасы
1	2	3

1	Кодтық белгілеме	P.TS.07.OPR.003
2	Операцияның атауы	КО ТР 018/2011 құжаттары бірыңғай тізілімінің ұлттық бөлігіне енгізілген жаңа құжат туралы мәліметтерді өңдеу нәтижелері туралы хабарламаны алу
3	Орындаушы	мүше мемлекеттің уәкілетті органы
4	Орындау шарттары	КО ТР 018/2011 құжаттары бірыңғай тізілімінің ұлттық бөлігіне енгізілген құжат туралы мәліметтерді өңдеу нәтижелері туралы хабарламаны орындаушы алған кезде орындалады ("КО ТР 018/2011 құжаттары бірыңғай тізілімінің ұлттық бөлігіне енгізілген жаңа құжат туралы мәліметтерді қабылдау және өңдеу " (P.TS.07.OPR.002) операциясы)
5	Шектеулер	ұсынылатын мәліметтердің форматы мен құрылымы Электрондық құжаттардың және мәліметтердің форматтары мен құрылымдарының сипаттамасына сәйкес келуге тиіс
6	Операцияның сипаттамасы	орындаушы КО ТР 018/2011 құжаттары бірыңғай тізілімінің ұлттық бөлігіне енгізілген жаңа құжат туралы мәліметтерді өңдеу нәтижелері туралы хабарламаны қабылдайды және оны Мүше мемлекеттердің уәкілетті органдары мен Комиссия арасындағы ақпараттық өзара іс-қимыл регламентіне сәйкестігіне тексереді
7	Нәтижелері	КО ТР 018/2011 құжаттары бірыңғай тізілімінің ұлттық бөлігіне енгізілген жаңа құжат туралы мәліметтерді өңдеу нәтижелері туралы хабарлама

9-кесте


"КО ТР 018/2011 құжаттары бірыңғай тізілімінің ұлттық бөлігіне енгізілген жаңа құжат туралы мәліметтерді Одақтың ақпараттық порталында жариялау" операциясының (P.TS.07.OPR.004) сипаттамасы

Р/с №	Элементтің белгілемесі	Сипаттамасы

1	2	3
1	Кодтық белгілеме	P.TS.07.OPR.004
2	Операцияның атауы	КО ТР 018/2011 құжаттары бірыңғай тізілімінің ұлттық бөлігіне енгізілген жаңа құжат туралы мәліметтерді Одақтың ақпараттық порталында жариялау
3	Орындаушы	Комиссия
4	Орындау шарттары	мәліметтер қабылданғаннан және өңделгеннен кейін орындалады ("КО ТР 018/2011 құжаттары бірыңғай тізілімінің ұлттық бөлігіне енгізілген жаңа құжат туралы мәліметтерді қабылдау және өңдеу" (P.TS.07.OPR.002) операциясы)
5	Шектеулер	жоқ
6	Операцияның сипаттамасы	орындаушы мәліметтерді Одақтың ақпараттық порталында жариялауды қамтамасыз етеді
7	Нәтижелері	КО ТР 018/2011 құжаттары бірыңғай тізілімінің ұлттық бөлігіне енгізілген мәліметтер Одақтың ақпараттық порталында жарияланды

"КО ТР 018/2011 құжаттары бірыңғай тізілімінің ұлттық бөлігіндегі өзгертілген мәліметтерді ұсыну" (P.TS.07.PRC.002) рәсімі

27. "КО ТР 018/2011 құжаттары бірыңғай тізілімінің ұлттық бөлігіндегі өзгертілген мәліметтерді ұсыну" (P.TS.07.PRC.002) рәсімінің схемасы 3-суретте берілген.



3-сурет. "КО ТР 018/2011 құжаттары бірыңғай тізілімінің ұлттық бөлігіндегі өзгертілген мәліметтерді ұсыну" (P.TS.07.PRC.002) рәсімінің схемасы

28. "КО ТР 018/2011 құжаттары бірыңғай тізілімінің ұлттық бөлігінде өзгертілген мәліметтерді ұсыну" (P.TS.07.PRC.002) рәсімін мүше мемлекеттің уәкілетті органы КО ТР 018/2011 құжаттары бірыңғай тізілімінің ұлттық бөлігіндегі мәліметтер өзгерген кезде орындайды.

29. Алдымен "КО ТР 018/2011 құжаттары бірыңғай тізілімінің ұлттық бөлігіне өзгерістер енгізу туралы мәліметтерді ұсыну" (P.TS.07.OPR.005) операциясы орындалады, оны орындау нәтижелері бойынша мүше мемлекеттің уәкілетті органы Комиссияға КО ТР 018/2011 құжаттары бірыңғай тізілімінің ұлттық бөлігіне өзгертілген мәліметтерді жібереді.

30. Комиссияға КО ТР 018/2011 құжаттары бірыңғай тізілімінің ұлттық бөлігіне өзгертілген мәліметтер келіп түскен кезде "КО ТР 018/2011 құжаттары бірыңғай тізілімінің ұлттық бөлігіне өзгерістер енгізу туралы мәліметтерді қабылдау және өңдеу" (P.TS.07.OPR.006) операциясы орындалады, оны орындау нәтижелері бойынша Комиссия көрсетілген мәліметтерді алады, оларды өңдеуді орындайды және мүше

мемлекеттің уәкілетті органына КО ТР 018/2011 құжаттары бірыңғай тізілімінің ұлттық бөлігіне өзгерістер енгізу туралы мәліметтерді өңдеу нәтижелері туралы хабарлама жібереді.

31. Мүше мемлекеттің уәкілетті органына мәліметтерді өңдеу нәтижелері туралы хабарлама келіп түскен кезде "КО ТР 018/2011 құжаттары бірыңғай тізілімінің ұлттық бөлігіне өзгерістер енгізу туралы мәліметтерді өңдеу нәтижелері туралы хабарлама алу" (P.TS.07.OPR.007) операциясы орындалады, оны орындау нәтижелері бойынша мәліметтерді жіберген мүше мемлекеттің уәкілетті органы мәліметтерді өңдеу нәтижелері туралы алынған хабарламаны өңдеуді жүзеге асырады.

32. "КО ТР 018/2011 құжаттары бірыңғай тізілімінің ұлттық бөлігіне өзгерістер енгізу туралы мәліметтерді қабылдау және өңдеу" (P.TS.07.OPR.006) операциясы орындалған жағдайда "КО ТР 018/2011 құжаттары бірыңғай тізілімінің ұлттық бөлігіне өзгертілген мәліметтерді Одақтың ақпараттық порталында жариялау" (P.TS.07.OPR.008) операциясы орындалады, оны орындау нәтижелері бойынша Комиссия мәліметтерді Одақтың ақпараттық порталында жариялауды қамтамасыз етеді.

33. КО ТР 018/2011 құжаттарының бірыңғай тізіліміндегі құжат туралы мәліметтерді өзгерту және көрсетілген мәліметтерді Одақтың ақпараттық порталында жариялау "КО ТР 018/2011 құжаттары бірыңғай тізілімінің ұлттық бөлігіне өзгертілген мәліметтерді ұсыну" (P.TS.07.PRC.002) рәсімін орындау нәтижелері болып табылады.

34. "КО ТР 018/2011 құжаттары бірыңғай тізілімінің ұлттық бөлігіне өзгертілген мәліметтерді ұсыну" (P.TS.07.PRC.002) рәсімі шеңберінде орындалатын жалпы процесс операцияларының тізбесі 10-кестеде келтірілген.

10-кесте

"КО ТР 018/2011 құжаттары бірыңғай тізілімінің ұлттық бөлігіне өзгертілген мәліметтерді ұсыну" (P.TS.07.PRC.002) рәсімі

Кодтық белгілеме	Атауы	Сипаттамасы
1	2	3
P.TS.07.OPR.005	КО ТР 018/2011 құжаттары бірыңғай тізілімінің ұлттық бөлігіне өзгертілген мәліметтерді ұсыну	осы Қағидалардың 11-кестесінде келтірілген
P.TS.07.OPR.006	КО ТР 018/2011 құжаттары бірыңғай тізілімінің ұлттық бөлігіне өзгерістер енгізу туралы мәліметтерді қабылдау және өңдеу	осы Қағидалардың 12-кестесінде келтірілген
P.TS.07.OPR.007	КО ТР 018/2011 құжаттары бірыңғай тізілімінің ұлттық бөлігіне өзгерістер енгізу туралы мәліметтерді өңдеу нәтижелері туралы хабарлама алу	осы Қағидалардың 13-кестесінде келтірілген

P.TS.07.OPR.008	КО ТР 018/2011 құжаттары бірыңғай тізілімінің ұлттық бөлігінде өзгертілген мәліметтерді жариялау	осы Қағидалардың 14-кестесінде келтірілген
-----------------	--	--

11-кесте

"КО ТР 018/2011 құжаттары бірыңғай тізілімінің ұлттық бөлігіне өзгерістер енгізу туралы мәліметтерді ұсыну" (P.TS.07.OPR.005) операциясының сипаттамасы

P/c №	Элементтің белгілемесі	Сипаттамасы
1	2	3
1	Кодтық белгілеме	P.TS.07.OPR.005
2	Операцияның атауы	КО ТР 018/2011 құжаттары бірыңғай тізілімінің ұлттық бөлігіне өзгерістер енгізу туралы мәліметтерді ұсыну
3	Орындаушы	мүше мемлекеттің уәкілетті органы
4	Орындау шарттары	КО ТР 018/2011 құжаттары бірыңғай тізілімінің ұлттық бөлігіндегі мәліметтер өзгерген кезде орындалады
5	Шектеулер	ұсынылған мәліметтердің форматы мен құрылымы Электрондық құжаттардың және мәліметтердің форматтары мен құрылымдарының сипаттамасына сәйкес келуге тиіс
6	Операцияның сипаттамасы	орындаушы Мүше мемлекеттердің уәкілетті органдары мен Комиссия арасындағы ақпараттық өзара іс-қимыл регламентіне сәйкес КО ТР 018/2011 құжаттары бірыңғай тізілімінің ұлттық бөлігіндегі өзгертілген мәліметтерді Комиссияға жібереді
7	Нәтижелері	КО ТР 018/2011 құжаттары бірыңғай тізілімінің ұлттық бөлігіндегі өзгертілген мәліметтер Комиссияға берілді

12-кесте

"КО ТР 018/2011 құжаттары бірыңғай тізілімінің ұлттық бөлігіне өзгерістер енгізу туралы мәліметтерді қабылдау және өңдеу" (P.TS.07.OPR.006) операциясының сипаттамасы

P/c №	Элементтің белгілемесі	Сипаттамасы

1	2	3
1	Кодтық белгілеме	P.TS.07.OPR.006
2	Операцияның атауы	КО ТР 018/2011 құжаттары бірыңғай тізілімінің ұлттық бөлігіне өзгерістер енгізу туралы мәліметтерді қабылдау және өңдеу
3	Орындаушы	Комиссия
4	Орындау шарттары	КО ТР 018/2011 құжаттары бірыңғай тізілімінің ұлттық бөлігіне өзгерістер енгізу туралы мәліметтер келіп түскен кезде орындалады ("КО ТР 018/2011 құжаттары бірыңғай тізілімінің ұлттық бөлігіне өзгерістер енгізу туралы мәліметтерді ұсыну" (P.TS .07.OPR.005) операциясы)
5	Шектеулер	ұсынылған мәліметтердің форматы мен құрылымы Электрондық құжаттардың және мәліметтердің форматтары мен құрылымдарының сипаттамасына сәйкес келуге тиіс. Электрондық құжаттың (мәліметтердің) деректемелері Мүше мемлекеттердің уәкілетті органдары мен Комиссия арасындағы ақпараттық өзара іс-қимыл регламентінің IX бөлімінде көзделген талаптарға сәйкес келуге тиіс
